«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «МҰХАМЕДҒАЛИ СУЖИКОВ АТЫНДАҒЫ №6 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №6 ИМЕНИ МУХАМЕДГАЛИ СУЖИКОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№ 665 к/лс

«31» 08 2026 жыл

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығын» құру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми – әдістемелік Кеңесінің 2025 жылғы 18 шілде күні бекітілген №1 хаттамасына сәйкес ұсынылған «Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау» бойынша нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, отбасы мәдениетін дамыту мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. 2026-2027 оқу жылында мектепте балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата – аналарды, заңды өкілдерді педагогикалық қолдау бағытында «Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы» /әрі қарай Ата – ана орталығы/ құрылсын.

2. Ата - ана орталығына жетекшілік жасау мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жандаулетоваға жүктелсін.

3.Тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата – аналарымен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында құрылған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына» педагог-психологтар, әлеуметтік-педагог, сынып жетекшілер тартылып, 2026-2027 оқу жылына жүргізілетін жұмыстардың жоспары жасалсын.

4. Нұсқаулыққа сәйкес мектепте «Даналық мектебі» клубы жобасы аясында «Әкелер Одағы» кеңесі, «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыстары ұйымдастырылсын.

5. Ата – ана орталығының бағдарламасына сәйкес сабақтар өткізу сынып жетекшілер мен педагог-психологтар А.Даулетоваға және М.Әлібекке міндеттелсін.

6. Мектепте 1 сыныптардың бейімделуі және бастауышты аяқтаған 5 сыныптардың орта буынға бейімделуі бағытында ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау мақсатында сынып жетекшілері мен мектеп психологтары бірлесіп сабақтар өткізілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жандаулетоваға жүктелсін.

№6 орта мектеп директоры **Ғ.Қ.Сардарбеков**

«Бекітемін»
№6 орта мектеп директоры Ғ.Қ.Сардарбеков

2026 - 2027 оқу жылына арналған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары

Негізі: Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру туралы бұйрық.

Мақсаты: Отбасы мәдениетін дамыту, ата-аналардың тәрбиелік құзыретін арттыру және мектеппен серіктестігін күшейту.

№	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Нәтиже/ дәлелдеме	Бақылау
1	Орталық жұмысын таныстыру, ата-аналар сұранысын анықтау	Қыркүйек	А.Жандаулетова, психологтар	Сауалнама хаттама	ДТІЖО
2	1 және 5 сынып ата-аналарына бейімделу сабағы	Қыркүйек –қазан	Психологтар, сынып жетекшілер	Сабақ материалы	ДТІЖО
3	«Балаға шекара мен жауапкершілікті қалай үйретеміз?»	Қараша	Психологтар	Хаттама	ДТІЖО
4	«Даналық мектебі»: әкелер, аналар, әжелер кездесулері	Тоқсан сайын	Әкелер одағы, Аналар/Әжелер мектебі	Фото, хаттама	ДТІЖО
5	«Цифрлық қауіпсіздік және ата-ана бақылауы»	Қаңтар	Информатика мұғалімі, психолог	Жадынама	ДТІЖО
6	Жасөспіріммен жанжалсыз сөйлесу практикумы	Ақпан	Психологтар	Тренинг	ДТІЖО
7	Құқық бұзушылықтың алдын алуда ата-ананың жауапкершілігі	Наурыз	Инспектор, әлеуметтік педагог	Хаттама	ДТІЖО
8	Орталық жұмысының қанағаттану сауалнамасы және қорытынды	Мамыр	А.Жандаулетова	Анықтама	Директор